ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қараша №2301-24-00-2/3121 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Дамбы дәрігерлік амбулаториясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Magic Soft» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Т.Көптілеуов
Талап қоюшы өкілі Айсиева Ш.Б.
Жауапкер өкілі Ильин Д.Г.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 23 қаңтарда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №18 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін тапсырыс берушінің өтінімі бойынша GPS –мониторингі жүйелері арқылы автокөлік құралдарын бақылау қызметін көрсетуге міндеттеме алған.

Іс құжаттарына сәйкес, шарт 2024 жылғы 23 қаңтарда күшіне енген.

Шарттың жалпы сомасы – 230 000 теңге.

2024 жылғы 08 қазанда жауапкерге жолдаған хатында талап қоюшы қызметтің көрсетілмегені, жауапкермен міндеттемелер орындалмаған

жағдайда талап қоюшының оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен сотқа жүгінетіндегі жөнінде көрсетілген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын, қызмет көрсетілмегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 4600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын қуаттап, жауапкерге 05 қыркүйекте өтінім жолданып, 21 қыркүйекке дейін қызмет көрсетуге мерзім берілгенін, алайда жауапкермен қызмет көрсетілмегенін, тұрақсыздық айыбы төленбегенін, жауапкер байланысқа шықпағанын, телефоны өшіп тұрғанын көрсетті.

Жауапкер өкілі сотта талапты толықтай мойындап, қызмет белгілі бір себептерге байланысты көрсетілмегенін, шығындарды төлеуге, міндеттемені орындамаудың салдарына дайын екендігін көрсетті.

Прокурор сотта талаптың қанағаттандырылуға жататындығы жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 5-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек (АК-нің 401-бабының 2-бөлігі).

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 29.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 09.01.2025
2301-24-3-1/3357

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, тапсырыс берушіге қызмет көрсетілмеген, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 43 – бабының 24-тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сонымен қатар, Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшымен сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме орындалмаған 20 күнге есептелген 4600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден мемлекет кірісіне 4600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 138 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 09.01.2025
2301-24-3-1/3357

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117,223-226-229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Дамбы дәрігерлік амбулаториясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Magic Soft» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Magic Soft» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Magic Soft» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 4600 (төрт мың алты жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 1984 (бір мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья к/қ А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Тораға А.Б.Саудабаев

Шешім заңды күшіне 30 желтоқсан 2024 жылы енді.

Тораға А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 09.01.2025